

Қаратөбе ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 33 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 9 сәуірде № 6955 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаратөбе ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Аудан әкімі аппаратының басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Сұлтанға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаратөбе ауданы әкімінің міндетін атқарушы

Ж. Сұлтан

К Е Л І С І Л Д І :

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Батыс Қазақстан облысы полиция департаментінің
Қаратөбе ауданының полиция бөлімі
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Р. М. Дүйсеғалиев

" " _____ 2021 жыл.

Қаратөбе ауданы әкімдігінің
2021 жылдың 8 сәуірдегі № 33
қаулысына қосымша

Қаратөбе ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері
Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) Құрмет грамотасы;
- 2) Алғыс хат;
- 3) Ақшалай сыйақы.

Көтермелеудің тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қаратөбе ауданы әкімдігімен құрылған қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және ашуға ықпал еткен азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті сақтауда, қылмыстардың алдын алуда және жолын кесуде белсенді қолдау көрсеткен азаматтарды көтермелеу туралы ұсыныстарды Комиссияға қарауға "Батыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің Қаратөбе ауданының полиция бөлімі" (бұдан әрі – полиция бөлімі) ұсынады.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

5. Көтермелеу түрін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

Ақшалай сыйақының мөлшері

6. Ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және ол 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

7. Ақшалай сыйақыны төлеу Полиция департаментінің облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Полиция бөлімі бастығының бұйрығы шығарылады.

9. Көтермелеуге ақы төлеуге қаражат Батыс Қазақстан облысының Полиция департаменті шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.

10. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Құрмет грамотасын, Алғыс хатты, ақшалай сыйақы беруді Қаратөбе ауданының полиция бөлімі салтанатты жағдайда жүзеге асырады.